

"Химпром" ашық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 маусым N 859

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Z970067_ Заңына сәйкес "Химпром" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп танумен байланысты, республика экономикасы үшін оның маңызды стратегиялық мәнін, сондай-ақ қаржылық жағдайын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Химпром" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Химпром" ААҚ):

- 1) мүліктік кешенді бірыңғай лотпен сатуды;
- 2) лоттың бірінші және үшінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан, сондай-ақ әкімшілік шығыстар сомасынан төмен емес ең аз бағасын белгілеуді;
- 3) "Химпром" ААҚ-на әлеуетті инвесторды тартумен бірге өндірістің технологиялық циклының үздіксіздігін сақтай отырып банкроттық рәсімді жүргізуді;
- 4) конкурстық басқарушыға Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Жамбыл облысының әкімиятымен келісім бойынша әлеуетті инвесторлармен басқару шартын жасасуға құқық беруді;
- 5) "Химпром" ААҚ қызметкерлеріне олармен жасалған еңбек шарттары негізінде ағымдағы төлемдерді инвестордың уақытылы төлеуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ шарт жасалғаннан кейін бір ай мерзімде сары фосфор, фосфор қышқылы мен электродты масса шығару жөніндегі қуаттарды іске қосуды;
- 6) инвестор ұсынған өндірістік және инвестициялық бағдарламалардың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Жамбыл облысы әкімиятының жүзеге асыруын;
- 7) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толтыруға, сары фосфорды, фосфор қышқылы мен электродты массаны өндіруге арналған қажетті шикізат қорларын құруға жұмсалатын шығындар, сондай-ақ банкроттық рәсімін жүргізу кезіндегі ағымдағы шығыстар әкімшілік шығыстар деп есептелуін;
- 8) заңнама талаптарын ескере отырып, жалғыз ғана қатысушы болғанда сауда-саттық болып өтті деп тану мүмкіндігін көздейтін конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. "Химпром" ААҚ-ның конкурстық массасын сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

- 1) сатып алушыда Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Жамбыл облысының әкімиятымен келісілген сары фосфор, фосфор қышқылы мен электродты масса шығаруды көздейтін өндірісті қалпына келтірудің, тұрақтандыру мен дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған

өндірістік және инвестициялық бағдарламаларының болуы;

2) лотты сатып алушының "Химпром" ААҚ-ның қызметі бейінін оны сатып алған күнінен бастап бес жыл бойына сақтау жөнінде міндеттемелер қабылдауы;

3) сатып алушының кемінде 1800 адам мөлшеріндегі қызметкерді жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауы;

4) сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге, айналым қаражатын толтыруға, сары фосфорды, фосфор қышқылы мен электродты массаны өндіруге арналған қажетті шикізат қорларын құруға жұмсалатын шығындарды, сондай-ақ банкроттық рәсімін жүргізу кезіндегі ағымдағы шығыстарды қоса алғандағы, әкімшілік шығыстар сомасының 100 пайызынан кем болмайтындай болуға тиіс;

5) әкімшілік шығыстар конкурстық массаны сату кезінде сауда-саттықты өткізген күннен бастап 15 банктік күннен кешіктірілмейтін мерзімде ақшалай қаражатпен қайтарылудағы тиіс;

6) сауда-саттықты өткізген күннен бастап 15 банктік күннен

кешіктірмей "Химпром" ААҚ-ның сатып алынған конкурстық массасы үшін есеп айырысудың ақырғы мерзімі белгіленсін;

7) тартылған инвестордың инвестицияларының сомасы кепілдік жарнасын төлеу есебіне жазылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Д.К.Ахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

